



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 37 (8424) Сәрсенбі 6 сәуір 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

КӨЗСІЗ ЕРЛІК ЖАСАҒАН

“ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ” ҒАЗИЗ БАЙТАСОВТЫҢ ЕРЛІГІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Сан ғасырлық тарихымызда ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығы мен жерінің бүтіндігі үшін толарсақтан саз кешіп, ат ауыздықпен су ішкен заманда, қолына найза алып, ереулі атқа қонған қайсар бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы-Ғазиз Байтасовтың туылған күніне орай жиын өтті.

Жиында аудан әкімі М.Шүкеев сөз сөйлеп, жерлесіміз Ғазиз Әдібекұлының бейбіт күнде жасаған ерлігі жастарды отансүйгіштікке, елі мен жерін қадірлеуге жетелейтіндігін айта келе, хасбатырға Тараз қаласындағы Қазыбек би көшесі бойында ескерткіш, Жамбыл облыстық ішкі істер Департаменті ғимараты мен аудан орталығы-Сарыкемерде “батырлар аллеясында” тақта орнатылғандығын, облыс орталығындағы көшелердің біріне оның есімі беріліп, Жамбыл облыстық ішкі істер органдары мен Отан соғысы жылдары қызметін өтеуде қаза тапқан қызметкерлерге арналған ескерткішке Ғазиздың есімі енгізілгендігін атап өтті. Одан соң сөз алған Байзақ ауданының Құрметті азаматы Р.Шәметов ерлік Отанға, ел-жұртына, ағайынға, туған жерге деген жүректегі сезімдерден туындайтындығын тілге тиек

ете отырып, ерліктің ерен үлгісін көрсеткен алдыңғы толқыннан тәлім алып, солардың ісін жалғастырған Ғазиздай ердің ерлігі ұрпаққа үлгі екендігін әңгімеледі.

Жиналғандар батырды бір минут үнсіздікпен еске алған соң “Байзақ баба” мешітінің бас имамы Р.Азизов әруаққа бағыштап құран оқыды.

Жиын соңында аудан әкімі М.Шүкеев, ауданның Құрметті азаматы Р.Шәметов және аудан азаматтары бастаған топ «Халық қаһарманы» Ғ.Байтасовтың есімі жазылған мемориалдық тақта алдында тағзым жасап, гүл шоқтарын қойды.

* * *
Тарлан тарих бетіне есімі алтын әріппен жазылған даңқты ердің



туылған күніне орай №3 Байзақ колледжінде “Ерлік-ұрпаққа ұран, елге-мұра” атты еске алу кеші, аудандық кітапханада “Ерлігі елге аян-тәуелсіз елдің батыры” тақырыбында кітап көрмесі,



Түймекент ауылында “Халық қаһарманы, полиция капитаны Ғазиз Байтасовты еске алуға арналған волейболдан 1999-2000 жылы туылған жасөспірімдер арасында V-ші облыстық ашық

турнир өтті. Турнирге облыс аудандары мен Тараз қаласынан, жалпы саны 13 команда қатысты. Батыр ерлігін ұлықтаған жарыста командалар арасынан бірінші орынды Шу ауданы, екінші орынды Тараз қаласы, үшінші орынды аудандық №1 БЖСМ иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Кубокпен, медальдар, Дипломдар және сыйлықтармен, сондай-ақ, үздік ойын көрсеткен ойыншылар кубоктармен, ал, төрешілер дипломдармен марапатталды.

“Ер есімі – ел есінде” демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған бабадүр аға ұрпақтың, бүгінгі күннің батырының ерлігі ешқашан ұмытылмайды. **Өз тілшіміз.**



АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА-ІС ЖҮЗІНДЕ

«ЕЛДІҢ ҚАРҚЫНДЫ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТЕҢ».

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫНАН.

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

2020 жылы еліміз өндірісі өркендеген алпауыт елге айналуы қажет. Бұл - Елбасының халыққа дәстүрлі Жолдауында міндеттеген тапсырмалардың бірі. Жұмыссыздық

халықтық-демократиялық партиясының ХІІ құрылтайында берген тапсырмасы бойынша, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауының негізінде, сонымен қатар, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының екінші кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының



деңгейінің төмендеуі, тауар мен қызмет көрсету сапасының жақсаруы, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, бизнесті жүргізу талантарының жақсаруы үдетілген игілікті істің нәтижесі.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы Елбасының 2009 жылы 15 мамырда кезектен тыс өткен «Нұр Отан»

2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарына сәйкес құрылған болатын. Бағдарлама экономиканы әртараптандыру және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. 2015 жылға дейін қарқынды индустриаландыру саясатының негізгі бағыты экономиканың экспортқа бағытталған секторларында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру,

шағын және орта кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер тудыру болмақ.

Елбасы халыққа Жолдауында бес басым бағытқа айрықша тоқталған. Соның бірі - индустриалық бағдарламаны дамыту. Сондықтан аталған бағдарламаның арқалайтын жүгі ауыр десек те болғандай.

Өткен жұмада аудан әкімдігі мәжілісінің күн тәртібінде қаралған негізгі мәселе осы бағдарлама аясында өрбіген еді. «Қазақстан Республикасының «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасының 2015 жылда орындалуы мен 2016 жылдағы міндеттері туралы» аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы Қайрат Тұраров баяндама жасады.

«Ауданда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес атқарылып келеді. Есепті кезеңде аудан аумағында шағын және орта кәсіпкерлік мәртебесімен 5420 субъекті тіркелсе, оның 64 пайызы жұмыс істеуде, - деп сөзін бастаған баяндамашы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде жұмыспен қамтудың жыл санап артып келе жатқандығына тоқталды. Сондай-ақ өткен жылдың қантар-желтоқсан айларында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімі 12,4 миллион теңгені, бөлшек сауда айналымының көлемі 1161 миллион теңгені құраған. Сонымен бірге, үстіміздегі жылдың қантар-ақпан айында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өндірген өнімі 20 миллионнан асып түссе, бөлшек сауда айналымының көлемі 340,3 миллион теңгеге жеткен.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында аудан аумағында «Байзақ», «Азия», «Арнұр», «Алатау» шағын несиелік серіктестіктері мен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» арқылы жүзеге асырылуда екен. Бір ғана мысал, ағымдағы

жылдың екі айында кәсіпкерлерге 35 миллион 520 мың теңге несиелер берілді.

Бас маман өз баяндамасында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында жалпы құны 684,8 миллион теңгені құрайтын 17 жобаның дайындалғанын, соның 10 жобасы іске асырылып жатқанын, бағдарламаға сәйкес, 2010-2015 жылдары индустриаландыру картасына енген жобалар жайында сөз қозғады. Атап айтар болсақ, Ынтымақ ауылдық округінде 2010 жылы «Жасұлан-Флора» ЖШС-нің жалпы құны 1,200 миллиард теңгені құрайтын, гүлді өндірістік негізде өсіру кешенінің жобасы, Көктал ауылындағы 2011 жылы негізі қаланған «Тараз құбыр зауыты» ЖШС-нің жалпы құны 960,0 миллион теңгені құраған (қуаттылығы 750 кВт/сағатына) полиэтилендік құбырлар өндіретін зауыт құрылысын салу, 2012 жылы Ботамойнақ ауылдық округінде іргесі қаланған «База Servis» ЖШС-нің жалпы құны 300 миллион теңгелік (қуаттылығы жылына 15 миллион) кірпіш шығаратын инвестициялық жобалары, сондай-ақ өткен 2015 жылы Мырзатай ауылдық округінде салына бастаған «Әулие Ата-Феникс» ЖШС-нің жалпы құны 1 миллиард 950 миллион теңге тұратын құс етін тереңдетіп өндіретін фабрикасының жобасы іске асырылуда.

Осылайша ауданда аталмыш бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстар туралы кеңінен баяндама жасаған Қайрат Тұраров басқа да жобаларға қатысты қысқаша мәлімет бере кетті.

Баяндамашыдан кейін жарыссөзге шыққан Ботамойнақ ауылдық округінің әкімі Е.Заурбеков, Ынтымақ ауылдық округінің әкімі М.Ноғайтұр елдімекендерде мемлекеттік бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Әкімдік мәжілісі барысында бұдан өзге жеті мәселе қаралып, оның әрбірі бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

